

**"Қазақстан Республикасының орта кәсіптік оқу орындарына қабылдаудың Үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 10 шілдедегі N 707 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 15 наурыздағы N 157 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 7 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 2232. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 244 (V053627) бұйрығымен.

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 22 қыркүйекте N 1245 тіркелген "Қазақстан Республикасының орта кәсіптік оқу орындарына қабылдаудың Үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 10 шілдедегі N 707 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының орта кәсіптік оқу орындарына қабылдаудың Үлгі ережелері:

Мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Кәсіптік орта білім беретін оқу орындарына қабылдау кезінде мемлекеттік тапсырыстан ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар үшін ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша 30 пайыз, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға 2 пайыз мөлшерінде квота белгіленеді";

Мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Кәсіптік орта білім беретін оқу орындарына түсуші азаматтардан өтініш қабылдау 20 маусымнан 1 тамызға дейін, түсу емтихандары (тестілеу) 2 тамыздан 28 тамызға дейін жүргізіледі.

Шығармашылық мамандықтарға құжаттарды қабылдау 10 шілдеге дейін, арнайы (шығармашылық) емтихандар 12 шілдеден 18 шілдеге дейін жүргізіледі";

**4 - т а р м а қ т а :**

бірінші абзацтағы "25 тамыздан кешіктірілмей" сөзі "30 тамыздан кешіктірілмей" деген сөзбен ауыстырылсын, "25 қыркүйектен кешіктірілмей" сөзі "30 қыркүйектен кешіктірілмей" деген сөзбен ауыстырылсын;

5 тармақтағы "тапсыра алады" сөзі "тапсыруға құқығы бар" деген сөзбен ауыстырылсын;

7-тармақтағы бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жалпы орта білімі бар азаматтар үшін түсу емтихандары жалпы орта білімнің үш пәні, ал жалпы негізгі білімі бар тұлғалар үшін, жалпы негізгі білімнің екі пәні бойынша жүргізіледі.

Міндетті түсу емтихандарының тізбесіне жалпы негізгі білімі бар тұлғалар үшін қазақ немесе орыс тілдері, ал жалпы орта білімі бар тұлғалар үшін қазақ немесе орыс тілдері және Қазақстан тарихы енгізіледі. Арнайы немесе шығармашылық емтихандар (2-ден көп емес) талапкерлердің таңдауына байланысты мамандықтардың ерекшеліктеріне қарай белгіленіп, түсу емтихандарының алдында орта кәсіптік оқу орындары бекіткен бағдарлама бойынша жүргізіледі";

11-1 тармақтың екінші абзацтағы ", қабылдау комиссиясының төрағасы бекіткен" сөзі алынып тасталсын.

2. Кәсіптік бастауыш және орта білім департаменті (Қ.А.Лекер) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*